

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі мен Ресей Федерациясы Көлік министрлігі арасындағы Ресей Федерациясының аумағы бойынша қазақстан жүктерінің және Қазақстан Республикасының аумағы бойынша ресей жүктерінің транзитіне қолайлы тарифтік жағдайлар жасау туралы Келісім

Келісім, Сочи қ., 2006 жылғы 15 тамыз

**Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі мен Ресей Федерациясы Көлік министрлігі арасындағы Ресей Федерациясының аумағы бойынша қазақстан жүктерінің және Қазақстан Республикасының аумағы бойынша ресей жүктерінің транзитіне қолайлы тарифтік жағдайлар жасау туралы
КЕЛІСІМ <*>**

(2006 жылғы 15 тамызда күшіне енді -
Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені,
2006 ж., N 6, 45-құжат, СІМ-нің ресми сайты)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі мен Ресей Федерациясы Көлік министрлігі,
1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Темір жол көлігі кәсіпорындарының, мекемелері мен ұйымдарының қызметін құқықтық реттеудің ерекшеліктері туралы келісімді негізге ала отырып,

1993 жылғы 17 ақпанда қол қойылған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Темір жолдары әкімшіліктерінің (Темір жолдардың) тарифтік келісімін (бұдан әрі - Тарифтік келісім) басшылыққа ала отырып,

Ресей Федерациясының аумағы бойынша қазақстан жүктерінің және Қазақстан Республикасының аумағы бойынша ресей жүктерінің транзитіне қолайлы тарифтік жағдайлар жасау жөніндегі үйлестірілген іс-қимылды жүзеге асыру мақсатында,

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының транзит-көлік әлеуетін пайдаланудың тиімділігін арттыруға ұмтыла отырып,
төмендегі туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімде айрықша жағдайлар деп Тарифтік келісім шеңберінде жыл сайынғы Тарифтік конференцияларда Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы темір

жол желілерімен тасымалдауға қатысты бөлігінде тиісті жалға алу жылына келісілген және бекітілген, халықаралық қатынаста жүк тасымалдарына арналған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер темір жолдарының тарифтік саясаты ережесіне (бұдан әрі - ТМД Тарифтік саясаты) сәйкес белгіленген тарифтерді есептеу көзінде қолданылатын коэффициенттер мен АҚШ долларымен көрсетілген арнайы алымдар түсініледі.

2-бап

Тараптар Ресей Федерациясының аумағы бойынша қазақстан жүктерінің транзитіне және Қазақстан Республикасының аумағы бойынша ресей жүктерінің транзитіне Тарифтік келісімге қатысушы темір жол әкімшіліктерінің Тарифтік конференцияларында келісілген және бекітілген тиісті жалға алу жылға сәйкес ТМД Тарифтік саясат ставкалары және ережелері бойынша есептелген тарифтерге айрықша жағдайларды, сондай-ақ Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына және Тараптар мемлекеттері қатысушылары болып табылатын халықаралық жағдайларға сәйкес тиісті жылы қосымша айрықша анықталған шарттарды қолданады.

3-бап

Айрықша жағдайларды белгілеу жөніндегі ұсыныстар Тараптардың әрқайсысының экономикалық мүдделері мен Тараптар мемлекеттерінің темір жолдарына қосымша жүк тарту мүмкіндіктері ескеріле отырып қаралады.

4-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісуі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар жеке хаттамалармен ресімделеді және осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

5-бап

Осы Келісімді түсіндіруге және қолдануға байланысты дауларды Тараптар консультациялар мен келіссөздер арқылы шешетін болады.

6-бап

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және Тараптардың біреуі оның қолданысын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарлаған күннен бастап алты ай өткенге дейін қолданылады.

Сочи қаласында 2006 жылғы 15 тамызда әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі

данада жасалды және де екі мәтіннің күші бірдей болады.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда орыс тіліндегі мәтін пайдаланылады.

(Қолдары)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК